



**Аршалы ауданы бойынша 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № А-103 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 наурызда № 4714 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 5 қаңтардағы № А-04 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 05.01.2016 № А-04 қаулысымен.**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Аршалы ауданының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Қоса берілген Аршалы ауданы бойынша 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Аршалы ауданы әкімінің орынбасары А.Е. Мысырәлімоваға жүктелсін.

3. Аршалы ауданы әкімдігінің осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аршалы ауданының әкімі*

*Ж.Нұркенов*

А р ш а л ы

а у д а н ы н ы ң

2 0 1 5

ж ы л ы

2 6 . 0 2 .

№

А - 1 0 3

қаулысымен бекітілген

**Аршалы ауданы бойынша 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері**

--	--	--	--

Аудан атауы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны				Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының бір айға арналған жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері (теңге)				Бір тәрбиешілер шығындарды
	Балабақша		Балалар толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Балалар жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Балабақша		Балалар толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Балалар жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Балабақша
	мемлекеттік	жеке меншік			мемлекеттік	жеке меншік			мемлекеттік
Аршалы ауданы	360	0	210	175	21476	0	13523,2	6762	21476

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК